

ASFENDIYAROV KAZAKH
NATIONAL MEDICAL
UNIVERSITY



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ.С.Д.
АСФЕНДИЯРОВА

СӨЖ

Дәлелді медицина дәрілік прерараттарды насихаттау құралы ретінде. Дәрілік препараттарды жаңылыс жарнамалаудың белгілері.

Орындаған: Шубаева М.О.

Қабылдаған: Касиева Б.С.

Курс: 3

Группа: ЖМ15-014-02

Алматы, 2018ж

ЖОСПАР:

- **Кіріспе**
- **Негізгі бөлім:**
 - Қоғамдағы емдік дәрілердің маңыздылығы мен қайшылықтары
 - Фармацевтикалық фирмалар мен қоғам арасындағы байланыс
 - Дәрілерді қате жарнамалаудағы түсініктер
 - Емдік дәрілерді алға дамыту- қоғам дамуының негізі
- **Қорытынды**
- **Пайдаланылған әдебиеттер**

ҚОҒАМДАҒЫ ЕМДІК ДӘРІЛЕРДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫ:

Адам ауруларын емдеуде дәрі дәрмектердің маңызы зор. Бірақ науқас адамның организміне дәрінің емдік әсерімен қатар, кейде тіпті оған қауіп төндіретін дерт туындататыны да, жағымсыз, зиянды әсері болуы ықтимал. ХХ ғасырдың басында хлорамфеникол қабылдаған адамдарда агранулоцитоз, жүкті әйелдер талидамид қабылдағанда олардан туған балаларды туа біткен ақаулар болғаны белгілі. Бүгінгі күні дәрілерді пайдаланудан дамитын дерттер күннен - күнге өсіп бара жатыр. Бұл дәрілік дерттер – 3.2% жағдайда адам өліміне алып келеді.

ДӘРІЛІК ДЕРТТЕРДІҢ ДАМУЫНА ӘКЕЛЕТІН СЕБЕПТЕР:

- Ел арасында дәрілерді қабылдаудың көбейіп кетуінен.
- Дәрілерді жеңіл табудан адамдардың өзін - өзі емдеудің кең тарап кетуінен.
- Дәрілердің жағымсыз әсерлері туралы ел арасында медициналық ақпараттардың болмауы немесе тым аз болуынан.
- Ауруларды емдеу үшін көптеген дәрілерді орынсыз тағайындаудан.



ДӘРІЛЕРДІҢ ЖАҒЫМСЫЗ ӘСЕРЛЕРІНІҢ ПАЙДА БОЛУ СИПАТЫНА ҚАРАЙ:

Тікелей -дәрілердің жасушалар мен жасушаішілік құрылымдарға тікелей бүлдіргіш әсерлерінен бірден дамиды.

Салдарлық -жағымсыз әсерлер дәрілердің салдарынан дамиды екінші құбылыстардың нәтижесінде артынан байқалады.

ЗИЯНДЫ ӘСЕРЛЕРДІҢ ПАТОГЕНЕЗІНЕ ҚАРАЙ БӨЛІНЕДІ:

- *Уытты*
- *Аллергиялық*
- *Өспе туындаататын канцерогендік*
- *Дәріге тәуелділік*
- *Ұрық дамуына әсер ететін тератогендік*
- *Дәріге тұрақтылық*
- *Дисбактериоз*



ДӘРІЛЕРДІ ТАҢДАУДАҒЫ АЛҒЫШАРТТАР:

Бүгінгі қоғамдағы дәрігерлердің адам денсаулығын емдеу жолындағы қайшылық- дәрі тағайындау, яғни көптеген фармацевтикалық фирмалардың жарнамалауындағы дәрілердің таңдауға түсуі болып табылады. Сондықтан ең бірінші фарм.қ компаниялардан дәріні сатып алмастан бұрын оның фармакодинамикасы мен фармакокинетикасын, тасымалдануы мен биожеткіліктігін, жағымсыз әсерлерін айқындап алу керек.



ФАРМАКОМПАНИЯНЫҢ ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТАРДЫ ШЫҒАРУДАҒЫ ТАЛАПТАР

- Дәрілік препараттардың физиологиялық механизмі, және оның эффективтілігі.
- Препараттың максимальды эффективтілігін анықтау үшін бір топ пациенттермен бірлесіп жұмыс істеу
- Препаратты плацебомен салыстыру, терапевтикалық дозасын бақылау.
- Барлық салыстырылған зерттеулерге диаграмма құру, рандомизацияланған бақылау құру.
- Салыстыру барысында кездескен қателіктер мен жағымсыз теріс әсерлерді есепке алу.


-
- Максимальды визуальды эффект арқылы график құру, ол график сызықтық, логарифмдік шкалалар арқылы дұрыс құрылу керек.
 - Басқа дәрілер эффектілерімен салыстыру.
 - Классикалық иерархия құру арқылы рандомизацияланған бақылау жүргізу, когортты, кездейсоқ зерттеулер арқылы жүйелік метаанализ құру.
 - Препаратты пайдаланған кем дегенде үш адамнан сауалнама алу
 - Препаратты сатылымға шығарар алдында тексерілгенін және бағасын көрсету керек.



УМНОЕ ТРИО

Наконец-то весна... Гулять бы да гулять, наслаждаясь наступившим наконец теплом, вдыхать ни с чем не сравнимый запах распускающейся листвы. Однако экзамены никто отменять не собирается. Сил же «привязать» себя к письменному столу, взяв за книжки с каждым днем становится все меньше. Сдают нервы - нарастает психоэмоциональное напряжение, падает работоспособность. Что делать? Как помочь организму без «химии» преодолеть стресс, не потерять работоспособность, с честью выйти из усугубляющегося с каждым днем цейтнота, с хорошим настроением распрощаться со школой и поступить в вуз?

Системы торможения, данные человеку природой, связаны с вырабатываемой организмом аминокислотой - глицином. Когда волнения, стрессы и переживания затягиваются, собственного глицина не хватает. Увеличить его выработку и восстановить работу клеток мозга способен **Глицин «МНПК «БИОТИКИ»**. Если его принимать, уменьшается психоэмоциональное напряжение, исчезают конфликтность, раздражительность, повышаются память и работоспособность, улучшается сон.



Особенно эффективно «работает» **Глицин** при совместном приеме с **Биотредином**. Это лекарство специалисты называют «препаратом достижения цели». Он позволяет добиться гармонизации личности: концентрируется внимание, ослабевают внутренние противоречия, отступают плохое настроение, скрытая (наиболее опасная) депрессия.

Применять эти препараты рекомендуется 2-3 раза в день совместно в течение 3-4 недель: сначала таблетку **Глицина**, затем через 10-15 минут - **Биотредина**.

Ну а если вы при этом ощущаете еще и физическую слабость? В подобной ситуации показано в течение 3 дней 1-2 раза между приемами **Глицина** и **Биотредина** принимать **Лимонтар**.

Кстати, такое «умное трио» показано не только студентам и школьникам, но всем утомленным умственным трудом людям.

Заказывайте Глицин, Биотредин®, Лимонтар® МНПК «БИОТИКИ» в аптеках!

По всем вопросам обращайтесь:

тел./факс: (495) 327-53-53, 327-86-30, e-mail: medicina@biotic.dol.ru

Консультации по применению препаратов: (495) 327-49-87

ИМЕЮТСЯ ПРОТИВОПОКАЗАНИЯ. НЕОБХОДИМО ОЗНАКОМИТЬСЯ С ИНСТРУКЦИЕЙ ПО ПРИМЕНЕНИЮ

ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ФИРМАЛАР МЕН ҚОҒАМ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС:

1. Дәрігер немесе тұтынушы фармацевтикалық компанияның өкілімен белгіленген уақытта бару, тек өзіне өзін қызықтырған препарат жайында сөйлесу.
2. Әңгіме барысына бақылау жасау, өзіне керекті мәлімет жөнінде ғана сөйлесу.
3. Препарат жайында белгілі журналдарға шығарылған мәліметтер бар екенін сұрау.
4. Осы препаратты пайдалану жөнінде маманнан кеңес сұрау.
5. Компаниядан дәрінің қауіпсіздігі жөніндегі талаптар:
 - Қауіпсіздігі: жағымсыз әсер қалдыратын қасиеттері жайында
 - Тасымалдануы: Организмге енгізгеннен кейінгі мүшелерге таралып, сіңуі.
 - Эффективтілігі: басқа препараттармен салыстырғандағы жоғарғы көрсеткіштер

ЖАРНАМА:

БЕЛГІЛІ БІР ӨНІМДІ ТҰРМЫСТЫҚ ЗАТ
НЕМЕСЕ ШИКІЗАТ ӨНІМДЕРІН ЖАППАЙ
НЕМЕСЕ ЖЕКЕЛЕЙ САНАҒА ЕНГІЗЕ
ОТЫРЫП, СҰРАНЫС КӨРСЕТКІШІН
ЖОҒАРЫЛАТУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

ЖАРНАМА:

Теледидар, газеттер, журналдар, радио басқада БАҚ арқылы кез келген адам өзіне қажетті дәрі-дәрмектер туралы негізгі ақпараттарды алады. Жарнамаларда әртүрлі дәрі-дәрмектер және олардың әсер етуін көрсетеді.

Мысалы: тұмаудан бастап ауыр жүрек аурулары, асқазан ішек - жолдарының аурулары, зәр шығару жолдарының аурулары және т.б. Бірақ оны тек жоғары дәрежелі дәрігер ұйғарымымен қолдануы керек.

ЖАРНАМАНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ:

БАҒЫТЫ БОЙЫНША:

- ТҰТЫНУШЫЛЫҚ ТАУАРЛАР ЖАРНАМАСЫ
- БИЗНЕС ЖАРНАМАСЫ

ТАРАЛУЫ БОЙЫНША:

- ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРНАМА.
- ҰЛТТЫҚ ЖАРНАМА.
- АЙМАҚТЫҚ ЖАРНАМА.
- БЕЛГІЛІ МАҚСАТҚА ЖАРНАМА.

ТАРАЛУЫ ЖОЛДАРЫ БОЙЫНША:

- БАСПАХАНАЛЫҚ ЖАРНАМА
- РАДИО ЖАРНАМА
- ТЕЛЕДИДАРЛЫҚ ЖАРНАМА
- ТАСЫМАЛДАУШЫЛЫҚ ЖАРНАМА
- АРНАЙЫ ЖАРНАМА

МАҚСАТЫНА ҚАРАЙ:

- ТАУАРЛЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІК ЖАРНАМА
- КОММЕРСИЯЛЫҚ ЖАРНАМА
- КОММЕРСИЯЛЫҚ ЕМЕС ЖАРНАМА

-
- ДӘРІ-ДӘРМЕК ЖАРНАМАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУДА БОЛАДЫ, ЯҒНИ БҰЛ БЕЛГІЛІ БІР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ОРГАНДАРЫ МЕН ҚАДАҒАЛАНАДЫ. ДӘРІ - ДӘРМЕКТЕРДІҢ ТІРКЕЛМЕГЕНІ, ДӘРІГЕР РЕЦЕПТІМЕН БЕРІЛЕТІНІ ЖАРНАМАҒА ШЫҒАРЫЛМАЙДЫ. ДӘРІ-ДӘРМЕК АЙНАЛЫМДА ЖҮРУІН ДДСҰ НОРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ҚАТАҢ БЕЛГІЛЕНЕДІ.

ДӘРІЛЕРДІ ҚАТЕ ЖАРНАМАЛАУДАҒЫ ТҮСІНІКТЕР:

- Дәрілердің қате жарнамалап, оның уытты әсерлернің дамуы: олардың емдік мақсатта қолданылатын мөлшерлерінен қанда шынайы немесе салыстырмалы түрде тым көбейіп кетуінен; оларға организмнің туа және жүре пайда болған сезімталдығының көтеріңкі болуынан байқалды.
- Дәрілердің уытты әсерлері организмнің даралық реактивтілігінің ерекшеліктеріне байланысты дамуы да ықтимал. Олардың дамуында мүшелердің қызметінің жеткіліксіздігі, адамның тұқым қуалаушылығына байланысты дәрілердің фармакологиялық өзгеру ерекшеліктері де орын алады.

ПРАКТИКАЛЫҚ ДӘРІГЕРГЕ АРНАЛҒАН ДӘРІЛІК ЗАТТАР ТУРАЛЫ ШЫНАЙЫ АҚПАРАТТЫҢ НЕГІЗГІ КӨЗДЕРІ 1-КЕСТЕДЕ КӨРСЕТІЛГЕН:

<p>Кокран ынтымақтастығының кітапханасы</p> <p>TheCochrane Library</p>	<p>Кокран жүйелі шолулардың деректер қоры медицина қызметкерлеріне, зерттеушілерге, пациенттің құқығын қорғаушыларға арналған жаһандық, тәуелсіз желі болып табылады. Сонымен қатар түрлі зерттеулердің арқасында Кокран қорында көптеген нақты мәліметтер көлемі жиналып, олардың денсаулыққа байланысты дәлелді шешімдер қабылдауында пайдасы зор. Бұл – шынайы, қолжетімді медициналық ақпарат беруге арналған, коммерциялық демеушілері және басқа да мүдделі жанжалы жоқ коммерциялық емес ұйым. Ұйымның миссиясы - жоғары сапалы, тиісті, қолжетімді жүйелі шолулар және басқа да синтезделген ғылыми мәліметтерді жасай отырып, денсаулық сақтау саласында шешім қабылдауға жәрдемдесу.</p>
<p>Ұлыбританияның денсаулық сақтау және медициналық көмекті жетілдіру ұлттық институтының клиникалық нұсқаулығы (NICE)</p>	<p>Науқастарға қарау жөніндегі клиникалық нұсқаулықтар, денсаулықты жақсарту жайлы кеңестер жинақталған тегін ресурс.</p>
<p>bestpractice.bmj.com</p> <p>Best practice (ақылы ресурс*)</p>	<p>Пациентке консультация берер алдында, беру барысында немесе бергеннен кейін шешім қабылдауды қолдаудың онлайн құралы. Құрылымдық және кезеңдік тәсілмен дәрілік заттар туралы толық ақпаратқа сілтемелер жасалған дәлелдемелері мен ұсынымдары бар сарапшылардың қорытындылары келтірілген ақылы ресурс.</p>
<p>Британдық ұлттық формуляр (BNF*) (ақылы ресурс)</p>	<p>Британ медициналық қауымдастығы мен Ұлыбритания Корольдік фармацевтикалық қоғамының бірлескен баспасы болып табылады. Дәрілік заттар туралы негізгі ақпараттар (көрсетілімдері, дозалау режимі, бағалары) кіреді.</p>
<p>www.ncbi.nlm.nih.gov</p> <p>PubMed - NCBI</p>	<p>24 миллионнан аса MEDLINE биомедициналық әдебиеттерге, ғылыми журналдардың өміріне және онлайн кітаптарға сілтемелері бар. Дәйексөздерде PubMed Central толық мәтінді мазмұнына және веб-сайт шығарушыға сілтемелер болуы мүмкін.</p>

ҚОРЫТЫНДЫ:

ДӘРІ ДӘРМЕКТЕР ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ МАҒЛҰМАТТАР БҰҚАРА АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ БЕРІЛЕДІ. БІРАҚ, БҰЛ ДӘРІЛЕРДІҢ ӘСЕРІНІҢ ҚАНДАЙ ЕКЕНІН БІЗ БІЛЕ БЕРМЕЙМІЗ.СОНДЫҚТАН ОНЫ ДӘРІГЕРДІҢ РҰҚСАТЫНСЫЗ ҚАБЫЛДАУҒА БОЛМАЙДЫ, СЕБЕБІ ОЛ ПРЕПАРАТТЫҢ ҚАНДАЙ ЖАНАМА ӘСЕРІ БАР ЕКЕНІН БІЛМЕЙМІЗ.СОЛ ҮШІН ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТАРДЫ ДӘРІГЕРДІҢ РҰҚСАТЫМЕН ҚАБЫЛДАҒАН ТИІМДІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Т.Гринхальх. Основы доказательной медицины.
2. www.wikipedia.org
www.mzgov.kz
3. Энциклопедия. Народной медицины от доктора Ужегова.